

Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 маусымдағы 32 сессиясының № 32/352 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4853 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 64/684 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 15.06.2020 № 64/684 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

1. Абай аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2013 жылғы 23 желтоқсандағы 26 сессияның № 26/255 "Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2516 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2014 жылғы 25 қаңтарда № 4 (4007) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған);

2) 2015 жылғы 17 наурыздағы 39 сессияның № 39/435 "Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы 26 сессиясының № 26/255 "Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3153 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 сәуірде "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 25 сәуірде № 16 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған).

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Абай аудандық мәслихаттың хатшысы

Н. Белан

Б. Цай

Абай аудандық мәслихатының

2018 жылғы 21 маусымдағы

32 сессиясының № 32/352 шешіміне

қосымша

Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлері

№	Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	3
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	10
5.	Карт	5
6.	Бильярд үстелі	5
7.	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты коспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	15